

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жылға арналған шоғырландырылған
қаржылық есеп берушілігі
және Тәуелсіз аудитордың есебі**

МАЗМҰНЫ**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	1
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	3
Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	4-5

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. Ұйымдастыру	6
2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері	7
3. Есеп саясатының негізгі қағидалары	12
4. Қызмет көрсетулер бойынша кірістер және комиссиялар	23
5. Пайыздық кірістер.....	24
6. Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануына және басқа да операцияларға сақтық қор ...	24
7. Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза (шығын) пайда	25
8. Операциялық шығындар.....	25
9. Корпоративті кіріс салығы.....	26
10. Акцияға түскен пайда	29
11. Ақша және оның эквиваленттері.....	29
12. Қолданылуы шектелген ақшалар.....	29
13. Банктердегі қаражаттар	30
14. Сатуға арналған қолда бар инвестициялар.....	30
15. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар.....	31
16. Қауымдастырылған Компанияға салынатын инвестициялар.....	32
17. Негізгі құралдар	33
18. Бейматериалды активтер	35
19. Басқа да активтер.....	36
20. Басқа да міндеттемелер	37
21. Жарғылық капитал.....	37
22. Шарт міндеттемелері және шартты міндеттемелер.....	37
23. Байланысты тараптармен жасалған операциялар	38
24. Қаржы аспаптарының әділ құны.....	40
25. Тәуекелдерді басқару саясаты.....	41
26. Есептік күннен кейінгі оқиғалар	50
27. Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті бекітілген күн	50

Жетекшіліктің 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындауға жауаптылығы және қаржылық есеп берушілікті бекітуі туралы мәлімдемесі

«Қазақстан қор биржасы» АҚ жетекшілігі¹ (бұдан әрі - «Компания») 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттары на (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес, 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қозғалысын және меншікті капиталының өзгеруін дұрыс бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындауға жауаптылықта болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде жетекшілік мыналарға жауаптылықта болады:


- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді осындай ақпараттың орындылық, сенімділік, салыстырымдылық және түсініктілік нысанында ұсыну;
- ҚЕХС талаптарын орындау сол немесе өзге де мәмілелер, сондай-ақ, өзге де оқиғалар немесе жағдайлар қаржылық жағдайға немесе Топтың қаржылық қызметінің нәтижелеріне әсер ететіндей ақпаратты қолданушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болып шықса, қосымша ақпараттарды ашып көрсету;
- Топтың жақын болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Жетекшілік, сондай-ақ, мыналарға жауаптылықта болады:

- Топтың тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- Топтың мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есепке алуды жүргізу, сондай-ақ,
- кез-келген күні Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікпен ақпаратты ұсыну және қаржылық есеп берушіліктің ҚЕХС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- өз құзыреті шегінде Топтың активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қолдану;
- алаяқтық және өзге де қиянат жасау фактілерін анықтау және болдырмау.

Жетекшілік 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті 2018 жылғы 26 наурызда бекіткен.

Жетекшілік атынан



А.Ө.Алдамберген
Басқарма төрағасы

2018 жылғы 26 наурыз
Алматы, Қазақстан

И.Б.Капанова
Бас бухгалтер

¹Осы жерде жетекшілік деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасы тұспалданады, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп туралы" заңының 6 бабының 4 тармағы 2 абзацын ескерумен.



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Tax and Advisory"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

BDO Tax and Advisory LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

«Қазақстан қор биржасы» АҚ
акционерлеріне және Директорлар кеңесіне есебі
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Аудит нәтижесі бойынша қорытынды

Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктен, жиынтық кіріс туралы есептен, капиталындағы өзгерістер туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша құралдарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ, есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша сипаттамадан және өзге де түсіндірмелі ескертулерден тұратын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «Топ») қаржылық есеп берушілік аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, «Түсіндірмелі пікір білдіру үшін негіздеме» тарауында мазмұндалған мәселенің ықтимал әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның барлық маңызды аспектілеріндегі қаржылық жағдайын, сондай-ақ, қаржылық қызметінің нәтижелерін және көрсетілген күні аяқталған жыл бойындағы ақша құралдарының қозғалысын Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дұрыс ұсынады.

Пікір білдіру үшін негіздеме

Біз Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз қорытындымыздың бұдан әрі қарайғы «Аудитордың қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге жауапкершілігі» тарауында сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық стандарт жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне (БХСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге қолданылатын этика талаптарына сәйкес, Топ тәуелді емеспіз және аталған талаптарға және Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес, біз өзіміздің өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

Жетекшіліктің, корпоративтік басқаруға, шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке жауап беретін тұлғалардың жауаптылығы

Топтың жетекшілігі ҚЕХС-ке сәйкес, шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ, Топ жетекшілігі жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан маңызды бұрмалаулар болмайтын шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауаптылықта болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде жетекшілік Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашып көрсетуге және Жетекшілік Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған немесе оның тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір өзге дұрыс баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есеп берушілікті құрастыруға жауаптылықта болады.

Корпоративті басқаруға жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігін даярлауды қадағалауға жауаптылықта болады.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік аудитін жүргізуге аудитордың жауаптылығы

Біздің мақсатымыз жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің мазмұнында және біздің пікіріміз қамтылатын тексеру қорытындысын шығаруда маңызды бұрмалаулар жоқ екеніне орынды сенімділікке қол жеткізу. Орынды сенімділік дегеніміз сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ, Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда, әрқашан оларды анықтаудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан болуы мүмкін және олар шоғырландырылған- шоғырландырылған немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есеп берушілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін екенін негізді түрде болжауға болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық тексеру стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз тұтас аудит бойында кәсіби пайымды қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан қаржылық есеп берушіліктің маңызды бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қарсы аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болып қызмет ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.

Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі маңызды бұрмалауларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені, жосықсыз іс-әрекеттер келісім, жалғандық, қасақана қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ, Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, тексеру үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесі ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және жетекшілік дайындаған ақпараттың тиісті ашып көрсетілуін бағалаймыз;
- қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды жетекшіліктің қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күмәндану пайда болуы мүмкін оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз маңызды белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындығы келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есеп берушіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетуге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашып көрсету тиісті емес болып табылса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс. Біздің қорытындымыз аудиторлық қорытынды жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, алдағы оқиғалар мен жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- ақпаратты ашып көрсетуді қоса алғанда, тұтас қаржылық есеп берушілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуға, сондай-ақ, қаржылық есеп берушілік өзінің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз етерліктей ұсынады ма, соған бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен, олардың назарына өзге ақпараттардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудиттің нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, соның ішінде, аудит процесінде өзіміз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің маңызды кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, өзара ақпараттық іс-әрекетті жүзеге асырамыз.

«BDO Kazakhstan» ЖШС
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қаржылық бақылау комитетінің аудиторлық
қызметпен айналысуға берген 2015 жылғы 19
ақпандағы №15003448 мемлекеттік лицензиясы

Астана қаласы

Директоры Т. А. Омаров



2018 жылғы 26 наурыз

Аудитор А. Ш. Оразғалиева

A handwritten signature in blue ink, appearing to read "A. Sh. Orazgalieva".

2014 жылғы 21 қаңтардағы № МФ-0000178
аудитордың біліктілік куәлігі

ҚР аудиторларды аттестаттау жөніндегі біліктілік
комиссиясы берген



010000, Қазақстан Республикасы, Алматы
қаласы,

Ғабдуллин көшесі, 6-үй

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мыңдаған Қазақстан теңгесімен, теңгеммен көрсетілген бір акцияға түсетін пайдадан басқа)

	Ескерту	Аяқталған жыл	
		2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Қызмет көрсетулер бойынша кірістер және комиссиялар	4	1.939.460	1.506.977
Пайыздық кірістер	5	554.160	649.894
Пайыздар есептелетін активтердің құнсыздануынан және басқа операциялардан сақтық қорлардың қалпына келтірілуі (қалыптасуы)	6	656	(8.472)
Шетел валютасымен жасалған операциялардан таза шығын/ (пайда)	7	2.927	(4.306)
Қауымдастырылған Компанияларға салынған пайданың үлесі	16	792	612
Басқа да кірістер		23.619	10.085
Операциялық кірістер		2.521.614	2.154.790
Операциялық шығыстар	8	(1.615.972)	(1.286.814)
Салық салынғанға дейінгі пайда		905.642	867.976
Корпоративті кіріс салығы бойынша шығыстар	9	(112.833)	(146.201)
Таза пайда		792.809	721.775
Басқа да жиынтық кіріс			
Ағымдағы немесе кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығындың құрамына қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалаудан түскен таза келтірілген шығын		(44)	(45)
Ағымдағы немесе кейінгі кезеңдерде пайда немесе шығындың құрамына қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс		(25.663)	213.902
Негізгі қаражатты қайта бағалау:		(29.682)	218.846
Негізгі қаражатты қайта бағалау	17	4.019	(4.944)
Кіріс салығының әсері	9	(25.707)	213.857
Басқа да жиынтық кіріс		767.102	935.632
Барлығы жиынтық кіріс			
Бір акцияға есептелген пайда			
Базалық және көбейтілген (теңге)	10	841,61	766,20

Жетекшіліктің² атынанАлдамберген А.Ө.
Басқарма төрағасы2018 жылғы 26 наурыз
Алматы, ҚазақстанКапанова И.Б.
Бас бухгалтер

²Осы жерде және әрі қарай Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі мен оның ескертпесінде Жетекшілік деп «Қазақстан қор биржасы» АҚ Басқармасы тұспалданады, Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп туралы" заңының 6 бабының 4 тармағы 2 абзацын ескерумен.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған**

(мыңдаған Қазақстан теңгесімен)

	Ескерту	2017 жылғы 31 желтоқсан ³	2016 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша және оның баламалары	11	102.759	110.159
Қолданылуы шектелген ақша	12	1.859.408	426.636
Банктердегі қаражаттар	13	1.926.341	2.635.126
Сатуға арналған қолда бар инвестициялар	14	21.053	21.053
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	15	4.156.119	2.547.064
Қауымдастырылған Компанияға салынатын инвестициялар	16	141.256	140.464
Берілген аванстар		6.142	3.844
Негізгі құралдар	17	1.381.846	1.475.191
Бейматериалды активтер	18	179.134	208.231
Ағымдағы корпоративті кіріс салығы бойынша алдын ала төлеу		120.520	157.764
Кейінге қалдырылған корпоративті салық бойынша алдын ала төлеу	9	633	—
Басқа да активтер	19	114.258	83.464
Барлығы активтер		10.009.469	7.808.996
Міндеттемелер мен капитал			
Міндеттемелер			
Қолданылуы шектелген ақша бойынша Биржа мүшелерінің алдындағы міндеттемелер	12	1.859.408	426.636
Алынған аванстар		51.831	41.310
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		3.218	2.786
Кейінге қалдырылған корпоративті кіріс салығы бойынша міндеттемелер	9	23.546	35.541
Басқа да міндеттемелер	20	59.576	57.935
Барлығы міндеттемелер		1.997.579	564.208
Капитал			
Жарғылық капитал	21	2.366.256	2.366.256
Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша сақтық қорлар		101	145
Негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қоры	17	181.105	213.770
Басқа да қорлар		240.000	225.000
Бөлінбеген пайда		5.224.428	4.439.617
Барлығы капитал		8.011.890	7.244.788
Барлығы міндеттемелер мен капитал		10.009.469	7.808.996

Жетекшіліктің атынан

Алдамберген А.Ө.
Басқарма төрағасы2018 жылғы 26 наурыз
Алматы, ҚазақстанКапанова И.Б.
Бас бухгалтер³ Осы жерде әрі қарай Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінде және оны ескертпесінде қандай да бір жылдың 31 желтоқсаны деп осы жылдың 31 желтоқсанының алматылық уақытпен 24.00 сағаты тұспалданады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мыңдаған Қазақстан теңгесімен)

	Жарғылық капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша сақтық қорлар	Негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қоры	Басқа да қорлар	Бөлінбеген пайда	Барлығы капитал
2015 жылғы 31 желтоқсан	2.366.256	190	–	225.000	3.717.710	6.309.156
Басқа да жиынтық кіріс	–	(45)	–	–	–	(45)
Негізгі құралдарды қайта бағалау	–	–	213.902	–	–	213.902
Қайта бағалау қорын амортизациялау	–	–	(132)	–	132	–
Бір жылдағы таза пайда	–	–	–	–	721.775	721.775
Барлығы жиынтық кіріс	–	(45)	213.770	–	721.907	935.632
2016 жылғы 31 желтоқсан	2.366.256	145	213.770	225.000	4.439.617	7.244.788
Басқа да жиынтық кіріс	–	(44)	–	–	–	(44)
Негізгі құралдарды қайта бағалау	–	–	(25.663)	–	–	(25.663)
Қайта бағалау қорын амортизациялау	–	–	(1.239)	–	1.239	–
Істен шығуы кезінде Негізгі құралдарды қайта бағалауды көшіру	–	–	(5.763)	–	5.763	–
Сақтық қор қорын ұлғайту	–	–	–	15.000	(15.000)	–
Бір жылдағы таза пайда	–	–	–	–	792.809	792.809
Барлығы жиынтық кіріс	–	(44)	(32.665)	15.000	784.811	767.102
2017 жылғы 31 желтоқсан	2.366.256	101	181.105	240.000	5.224.428	8.011.890

Жетекшіліктің атынан

Алдамберген А.Ө.
Басқарма төрағасы2018 жылғы 26 наурыз
Алматы, Қазақстан

Капанова И.Б.
Бас бухгалтер

АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған

(мыңдаған Қазақстан теңгесімен)

		<i>2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</i>	<i>2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</i>
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Салық салынғанға дейінгі пайда		905.642	867.976
Ақшалай емес баптар бойынша түзетулер			
Басқа активтердің құнсыздану резерві	6	656	8.472
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша сақтық қорларды қалыптастыру		8.038	–
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан келген шығындар	17	54.410	4.796
Қауымдастырылған Компанияларға салынатын пайданың үлесі	16	(792)	(612)
Сатуға арналған қолда бар инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі		(44)	(45)
Негізгі құралдардың істен шығуынан келген шығындар		14.173	1.618
Дилинг бойынша операциялардан келген шығын		–	–
Есептелген пайыздық кіріс	5	(554.160)	(649.894)
Тозық және амортизация	8	134.796	75.217
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		562.719	307.528
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
<i>Операциялық активтердің көбеюі/(азаяуы)</i>			
Қолданылуы шектелген ақша			
Банктердегі қаражаттар		(1.432.772)	1.462.445
Берілген аванстар		640.614	1.962.512
Басқа да активтер		(2.298)	2.253
		(31.450)	(9.498)
<i>Операциялық міндеттемелердің көбеюі/ (азаяуы)</i>			
Қолданылуы шектелген ақшалар бойынша Биржа мүшелері алдындағы міндеттемелер		1.432.772	(1.462.465)
Алынған аванстар		10.521	(6.893)
Басқа да міндеттемелер		1.641	1.090
Салық салынғанға дейінгі операциялық қызметтен ақшаның түсуі/ (шығуы)		1.181.747	2.256.972
Алынған пайыздар		628.598	643.050
Төленген корпоративті кіріс салығы		(91.804)	(230.052)
Операциялық қызметтен таза түсім / операциялық қызметте қолдану		1.718.541	2.669.970

6-50 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

	Ескерту	2017 жылғы	2016 жылғы 31
		31 желтоқсанда аяқталған жыл	31 желтоқсанда аяқталған жыл
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу	17	(87.288)	(58.912)
Бейматериалды активтерді сатып алу		(11.697)	(9.518)
Бейматериалды активтерге капиталға айналатын жалақы және өзге де шығындар		(11.634)	(29.665)
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу		(1.615.322)	(2.525.010)
		(1.725.941)	(2.623.105)
Инвестициялық қызметте ақшаны таза қолдану			
Ақша және оның баламаларындағы таза көбею / (азаяу)		(7.400)	46.865
Ақша және оның баламалары, жылдың басында	11	110.159	63.294
Ақша және оның баламалары, жылдың соңында	11	102.759	110.159

Жетекшіліктің атынан



Алдамберген А.Ө.
Басқарма төрағасы

2018 жылғы 26 наурыз
Алматы, Қазақстан

Капанова И.Б.
Бас бухгалтер

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

1. ҰЙЫМ

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания, Биржа) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, 1993 жылғы 17 қарашада құрылған.

Қазіргі уақытта Компания Алматы қаласы Әділет департаменті Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген 2004 жылғы 7 қаңтардағы № 1952-1910-01-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет етеді.

Компанияның құнды қағаздар нарығындағы қызметі келесі лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – ҚБҚ) 2012 жылғы 19 шілдедегі № 4.2.3/1 құнды қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген лицензия. Лицензия құнды қағаздар нарығында келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық береді:
 - құнды қағаздармен және өзге де қаржы аспаптарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет;
 - құнды қағаздар нарығында қаржы аспаптарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет.
- 2) ҚБҚ берген 2012 жылғы 29 маусымдағы № 5.3.3 ұлттық және шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге лицензия:
 - банк операцияларының шоғырландырылған тұлғаны жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - аудару операциялары: төлемдер және ақша аударымдары бойынша шоғырландырылған және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
 - заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» көп функциялы кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат.

Компания және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топтың») негізгі қызметі Биржаның сауда жүйесін қолдана отырып, осы сауда-саттықтарды тікелей жүргізу арқылы құнды қағаздармен және өзге де қаржы аспаптарымен сауданы ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ету, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржылық, ақпараттық және өзге де қызмет көрсетулер болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсанның және 2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша әрқайсысына Компанияның орналастырылған акцияларының жалпы көлемінің 5%-дан астамын құрайтын көлемдегі жай акциялары тиесілі акционерлер келесідей көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсан, %	2016 жылғы 31 желтоқсан, %
Акционерлер		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ММ	50,10	50,10
«СЕНТРАС еншілес қоры» ЖШС	–	6,88
«CENTRICA» ЖШС	6,88	–
«Қазкоммерцбанк» АҚ	6,33	6,33
Басқалар (жеке-жеке 5%-тен кемін иеленетіндер)	36,69	36,69
Барлығы	100,00	100,00

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" (бұдан әрі – «Заң») Қазақстан Республикасы Заңының 84-бап 2-тармағына сәйкес, сауданы ұйымдастырушы әрбір акционердің оның үлестес тұлғаларымен бірге үлесі уәкілетті орган, яғни, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі акционер болып табылатын жағдайды қоспағанда, орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма пайызынан аса алмайды.

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***1. ҰЙЫМДАР (жалғасы)**

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компанияның бақылаушы тарабы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») болып табылады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанының соңындағы жағдай бойынша аталған қаржылық есеп берушілік мақсаттары үшін шоғырландырылған келесі ұйымдар кіретін Топтың бас Компаниясы болып табылады:

<i>Атауы</i>	<i>Қызметті жүргізуші ел</i>	<i>Дауыс беретін акциялар пайызы, (%)</i>	<i>Жарғылық капиталға салым (мың теңге)</i>	<i>Қызмет түрі</i>
«ИРБИС қаржы нарықтарының ақпарат агенттігі» ЖШС	Қазақстан	100	8.930	Ақпараттық қызмет көрсетулер
«eTrade.kz» ЖШС	Қазақстан	100	12.852	Ақпараттық қызмет технологиялар
			21.782	

2016 жылғы 9 желтоқсанда Компанияның директорлар кеңесі «ИРБИС» қаржы нарықтарының ақпарат агенттігі» ЖШС-ні тарату жөніндегі іс-шараларды мақұлдауға шешім қабылдады.

Қауымдастырылған компания

«РТРС» ЖШС қауымдастырылған Компаниясы Қазақстан Республикасында өз қызметін жүргізеді және сақтық қорлық сауда және есеп айырысу орталығының функцияларын орындайды. Қауымдастырылған ұйымға салынатын инвестициялар шоғырландыру мақсаты үлестік қатысу әдісімен есепке алынады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде жарғылық капиталға қатысу пайызы тікелей қатысудың 50%-ын құрады және " Орталық құнды қағаздар депозитарийі" АҚ-ға салынған акциялардың 34,69%-ына иелік ету арқылы «РТРС» ЖШС-нің жарғылық капиталына жанама қатысты.

Биржа аталған инвестицияны «РТРС» ЖШС—тің қаржылық есеп берушілігін еншілес ұйымға шоғырландырмайды, өйткені, оған Топтың бақылауы жоқ. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, "Орталық құнды қағаздар депозитарийі" АҚ акцияларының 54,98%-ын иелену арқылы және Компания акцияларының 50,1%-ын иелену арқылы «РТРС» ЖШС Компаниясына нақты бақылауды жүзеге асырады. ҚРҰБ-ның «РТРС» ЖШС-нің жарғылық капиталына жалпы жанама қатысу үлесі 52,54%-ын құрайды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ**Бухгалтерлік есеп негіздері**

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған. Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік нақты шығындар бойынша есепке алу қағидасына сәйкес дайындалған, «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде атап көрсетілгенді қоспағанда, мысалы, сатуға арналған қолда бар инвестициялар, ғимараттар, жерлер, көлік құралдары негізгі құралдары Топтарының әділ құны бойынша бағаланды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топ қызмет ететін ұйым болып табылады және жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деген болжамға сүйене отырып, дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік акцияға түсетін пайдадан басқа, және егер өзгеше көрсетілмесе, мыңдаған Қазақстан түсетін пайдаданңе») ұсынылған.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Атқарымдық валюта

Топтың шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігінің атқарымдық валютасы – Топқа қатысы бар оқиғалар мен жағдайлардың негізінде жатқан экономикалық мәнді бәрінен жақсы бейнелейтін валюта - теңге болып табылады.

Жаңа және қайта қарастырылған ҚЕХС-ті қолдану

Есеп саясатындағы өзгерістер

Топ 2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап келешектік негізде танылатын және есеп саясатының өзгеруі болып табылмайтын, аталған және кейінгі кезеңдерге әсер ететін болғандықтан, өзгеріс болған кезеңде таза пайданың есебіне қосылатын есеп айырысу бағаларындағы өзгерістерді қолданды.

Есеп айырысу бағаларындағы маңызды өзгерістер Есеп саясатының келесі бөлімдерін қамтыды:

- 1) Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді есепке алу:
 - амортизация нормалары;
 - Топтардың негізгі құралдарын: ғимараттарды, жерді, көлік құралдарын (қайта бағаланған құны бойынша) кейінгі бағалау;
 - негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді істен шығару рәсімі.
- 2) Мерзімі ұзартылған берешекті есепке алу:
 - мерзімі ұзартылған берешекті істен шығару рәсімі;
 - күмәнді берешек бойынша сақтық қорларды қалыптастыру мерзімдері, көлемдері.

Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер

Топ келесі 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе кейінгі есептік кезеңдер үшін қолданысқа енгізілген қайта қарастырылған ҚЕХС-терді қолданды. Топ жасап шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірулерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезеңде ҚЕХС-ті жетілдіру

Аталған жақсартулар 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе кейінгі күні күшіне енеді және Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі. Олар келесі өзгерістерді қамтиды:

Әр түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

ҚЕХС (IAS) 7-ге түзетулер «Ақша құралдарының қозғалысы туралы есеп»

2016 жылғы қаңтарда ҚЕХС жөніндегі кеңес Компаниялар өздерінің қаржылық есеп берушілігі туралы ақпаратты ашып көрсетуін жақсарту және өтімділік бойынша қолданушыларға Компанияның жайғасымы туралы барынша нақты ұсынуды қамтамасыз ету үшін ҚЕХС (IAS) 7-ге түзетулерді «Ақша құралдарының қозғалысы туралы есеп» жариялады.

Жаңа талаптарға сәйкес, Компаниялар қаржылық қызмет себеп болған ақша ағыны себеп болған өзгерістерді де, олар себеп болмаған өзгерістерді де қоса алғанда (мысалы, валюта бағамдарының құбылуы нәтижесінде), міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс болады. Түзетулер 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде ашып көрсетуді талап ететін қаржылық қызмет бойынша ақша қозғалысы болған жоқ.

ҚЕХС (IAS) 12-ге түзетулер «Пайдаға салынатын салық» - «Іске асырылмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану»

2016 жылғы қаңтарда ҚЕХС жөніндегі кеңес бухгалтерлік есеп мақсаты үшін әділ құн бойынша бағаланатын, салықтық есеп мақсаты үшін – бастапқы құн бойынша бағаланатын қарыз аспаптарына байланысты кейінге қалдырылған салық активтерін есепке алу тәртібін түсіндіретін ҚЕХС (IAS) 12-ге түзетулерді жариялады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Түзетулер Топтың салық заңнамасы осындай шегерілетін уақытша айырманы қалыпқа келтіру кезінде оған қарсы шегерулерді жасай алатын салық салынатын пайда көздерін шектейді ме, соны есепке алуы тиіс екенін түсіндіреді.

Сонымен қатар, түзетулер ұйым болашақ салық салынатын пайданы қалай белгілеуі тиіс, соған қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда олардың теңгерімдік құнынан асып түсетін сомадағы кейбір активтердің орнын толтыруды қарастыруы мүмкін жағдайларды сипаттайды. Аталған түзетулер Топтың аталған түзетулерді қолдану саласына жататын шегерілетін уақытша айырмалары немесе активтері болмағандықтан, Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Жаңа және қайта қарастырылған ҚЕХС-ті қолдану

2014 жылдан бастап 2016 жылдар аралығындағы кезеңде ҚЕХС-ті жетілдіру

ҚЕХС (IFRS) 12-ге түзетулер «Басқа ұйымдарға қатысу туралы ақпаратты ашып көрсету» «ҚЕХС (IFRS) 12-де ақпаратты ашып көрсетуге талаптарды қолдану саласын түсіндіру»

Түзетулер ҚЕХС (IAS) 12-де ақпаратты ашып көрсетуге талаптар, В10-В16 тармақтарында сипатталғандарды қоспағанда, сатылуға арналған ретінде жіктелетін (немесе жіктелетін шығатын Топтың құрамына қосылатын) еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға немесе қауымдастырылған ұйымдарға (немесе бірлескен кәсіпорындардағы немесе қауымдастырылған ұйымдардағы үлесінің бөлігіне) қатысты қолданылатынын түсіндіреді. 2017 жылғы 31 желтоқсанның соңында Топтың жоғарыда көрсетілген Топқа жіктелген активтері болған жоқ, аталған түзетулер Топтың қаржылық жағдайына әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы аспаптары»

2014 жылғы шілде айында ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IAS) 39 "Қаржы аспаптары: тану және бағалау", сондай-ақ, ҚЕХС (IFRS) 9-дың барлық бұрынғы редакцияларын алмастыратын ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы аспаптары» түзетулерінің соңғы редакциясын басып шығарды.

Стандарт жіктеуге және бағалауға, сондай-ақ, құнсыздануды және сақтандыруды есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді.

Жіктеу және бағалау бөлігінде жаңа стандарт қарыздық және туынды аспаптарды қоспағанда, барлық қаржы активтерін бағалау Компания қаржы активтерін басқару үшін қолданатын бизнес-үлгіге және келісім-шартта қарастырылған ақша ағындарына байланысты қаржы активінің сипаттамаларына сүйене отырып, құрамдастырылған тәсіл негізінде жүргізілуін талап етеді.

ҚЕХС (IAS) 39 белгілеген санаттардың орнына келесі қаржы аспаптарының санаттары енгізіледі: пайда немесе шығын арқылы (ПнЗ) әділ құн бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы (БЖТ) және амортизацияланған құн арқылы бағаланатын. ҚЕХС (IFRS) 9 сондай-ақ, Топқа амортизацияланған құн бойынша немесе БЖТ арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде тану өлшемдеріне жауап беретін қаржы аспаптарын егер ол бағалау немесе тану үшін тиянақсыздықты жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жіктеуді жалғастыруға (бірақ, кейіннен қайта жіктелуге құқығы жоқ) рұқсат береді. Саудаға арналмаған қарыз аспаптары (кейіннен қайта жіктелуге құқығы жоқ) БЖТ арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жатқызыла алады, сонымен қатар, мұндай аспаптар бойынша кірістер немесе шығыстар әрі қарай пайда және шығын туралы есепте бейнеленуге жатпайды. Қаржы міндеттемелерін есепке алу тәртібі жалпы ҚЕХС (IFRS) 9 талаптарына ұқсас.

ҚЕХС (IFRS) 9 несиенің құнсыздануын есепке алу тәсілін түбегейлі ауыстырады. ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес, келтірілген шығындар негізіндегі тәсілдің орнына күтілетін несие шығындарын бейнелеуді талап ететін болжамдық тәсіл енгізіледі. Топ барлық несиелер және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша, сондай-ақ, несие ұсыну бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік келісім-шарттары бойынша бағаланбайтын басқа да қарыздық қаржы аспаптары бойынша күтілетін несие шығындарының сағалау сақтық қорларын тануға міндетті болады. Сақтық қор келесі 12 ай ішіндегі дефолттың ықтималдығы себеп болған күтілетін несие шығындарына тең сомада бағалануы тиіс. Аспап бойынша несие тәуекелі оны бастапқы таныған күннен бастап айтарлықтай көбейген жағдайда, сақтық қор активтің барлық мерзімі ішіндегі дефолттың ықтималдығына сүйене отырып, бағаланады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезең (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Ретроспективті қолдану міндетті болып табылады, бірақ, салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу талап етілмейді.

Ауысқан күні (2018 жылғы 1 қаңтар) стандартты қолданудың әсерін бөлінбеген пайданың құрамында бейнелеу қажет. ҚЕХС (IFRS) 9-ды қолдану Топтың қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсер етпейді.

ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарт бойынша түсім»

ҚЕХС (IFRS) 15 2014 жылдың мамыр айында 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін ҚЕХС (IFRS) 15-ті «Сатып алушылармен жасалған келісім-шарт бойынша түсім» жасап шығарды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. ҚЕХС (IFRS) 15 түсімді тану қағидаларын белгілейді және сатып алушылармен жасалған барлық келісім-шарттарға қолданылуы тиіс.

Алайда, қаржы аспаптары және жалға алу келісім-шарттарына тікелей байланысты пайыздық және комиссиялық кірістер ҚЕХС (IFRS) 15-тің әрекет ету саласынан тыс қалады және басқа қолданыстағы стандарттармен реттелетін болады (мысалы, ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалға алу»).

ҚЕХС (IFRS) 15-ке сәйкес, түсім ұйым сатып алушыға осы тауарлар мен қызмет көрсетулердің беріп, оның орнына құқық алуды күтетін орнын толтырудың көлеміндегі тауарларды немесе қызмет көрсетулерді беру фактілері бойынша танылады.

Стандарт, сондай-ақ, сатып алушылармен жасалған келісім-шарттар себеп болатын түсімнің және ақша ағындарының туындауының сипаты, шамасы, мерзімі және белгісіздігі туралы нақты ақпаратты ашып көрсету бойынша талаптарды қамтиды.

ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалға алу»

ҚЕХС (IFRS) 16 2016 жылғы қаңтар айында ҚЕХС жөніндегі кеңес жалға алу келісім-шарттарын есепке алуды реттейтін ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалға алу» жаңа стандартын жасап шығарды. Жалға берушілер үшін жалға алу келісім-шарттарын есепке алу тәртібі жаңа стандарт бойынша айтарлықтай өзгермейді. Алайда, жалға алушылар үшін жалға алу келісім-шарттарының көпшілігін жалға алу бойынша міндеттемелердің және оларға сәйкес активтер теңгерімінде бейнелеу арқылы тұтыну құқығы нысанында тану талабы енгізіледі.

Жалға алушылар барлық танылатын жалға алу келісім-шарттары үшін бірыңғай үлгіні қолдануы тиіс, бірақ, қысқа мерзімді жалға алуды және базалық активінің құны төмен жалға алуды тануға мүмкіндігі бар.

Жалпы барлық танылатын жалға алу келісім-шарттары бойынша пайда немесе шығынды тану тәртібі қаржылық жалға алуды танудың ағымдағы тәртібіне сәйкес келеді, сонымен қатар, пайыздық және амортизациялық шығындар пайдалар немесе шығындар туралы есепте шоғырландырылған танылуы тиіс болады.

ҚЕХС (IFRS) 16 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын және содан кейінгі кезеңдер үшін күшіне енеді. Компания сол күннен бастап, ҚЕХС (IFRS) 15 түсімді есепке алу жаңа стандартын қолдана бастаған жағдайда, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Топ ҚЕХС (IFRS) 16-ны мерзімінен бұрын қолдануды жоспарламайды және қазіргі уақытта аталған стандарттың әсерін бағалайды.

ҚЕХС (IFRS) 2-ге түзетулер «Акциялардың негізінде төлемдер»

ҚЕХС жөніндегі кеңес акциялардың негізінде төлемдер бойынша операцияларды жіктеуге және бағалауға қатысты ҚЕХС (IFRS) 2-ге түзетулерді «Акциялардың негізінде төлемдер» жасап шығарды.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУШІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған ҚЕХС-ті қолдану (жалғасы)

Жаңа және қайта қарастырылған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014 – 2016 жылдар аралығындағы кезең (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS) 2-ге түзетулер «Акциялардың негізінде төлемдер» (жалғасы)

Түзетулер стандартты қолдану тәжірибесіндегі айырмашылықтарды жоюға тартылған, бірақ, тек жіктеуге және бағалауға қатысты шектеулі мәселелер шеңберін ғана қарастырады. Түзетулерде үш негізгі сала бойынша талаптар пысықталады:

- ақша құралдарымен есеп айырысатын акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды бағалауға құқықтарды ауыстыру келісім-шарттарына әсер ету;
- акцияның негізінде төлемдер бойынша келісім-шарттары Компания осы қызметкер үшін тиісті салықты төлеу жөніндегі міндетті орындау үшін қызметкерге берілуі тиіс үлестік аспаптардың бір бөлігін ұстап қалуға рұқсат беретін операцияларды жіктеу;
- акциялардың негізіндегі төлем бойынша операциялардың талаптарын түрлендіру оның ақша қаражатымен есеп айырысулармен операциялар санатынан үлестік құралдармен есеп айырысулармен операциялар санатына қайта жіктеуді талап еткен жағдайларда есепке алу тәртібі.

Аталған түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын және содан кейінгі кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетулерді қолдану Топтың өткен кезеңдер үшін мәліметтерін қайта есептеуін талап етпейді; Топ барлық үш түзетуді бірден қолдануға шешім қабылдаған және кейбір басқа да өлшемдерді орындаған жағдайда, ретроспективті қолдануға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, мерзімінен бұрын қолдануға да рұқсат етілген. Атаған түзетулер Топқа қандай да бір әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IFRS) 4-ке түзетулер «ҚЕХС (IFRS) 9-ды «Қаржы аспаптары» ҚЕХС (IFRS) 4-пен «Сақтандыру келісім-шарттары» бір мезгілде қолдану»

Түзетулер қаржы аспаптары бойынша Компаниялар қазір ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IFRS) 4-тің орнына әзірлеп жатқан сақтандыру келісім-шартын есепке алу бойынша жаңа стандартты қолдана бастаған күнге дейін ҚЕХС (IFRS) 9 жаңа стандартын қолдануына байланысты туындайтын мәселелерді жоюға тартылған. Түзетулерге сәйкес, сақтандыру келісім-шарттарын жасайтын Компаниялар екі нұсқаның біреуін таңдай алады: ҚЕХС (IFRS) 9-ды қолданудан уақытша босату немесе салу әдісін қолдану. ҚЕХС (IFRS) 9-ды қолданудан уақытша босатуды қызметі көбінесе сақтандырумен байланысты Компаниялар қолдануы мүмкін. Мұндай Компаниялар ҚЕХС (IFRS) 9-ды қолдануды ҚЕХС (IAS) 39-ды "Қаржы аспаптары: тану және бағалау" 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, бірақ осы мерзімнен кеш емес қолдануды жалғастыра алады. Өтемдік тәсіл ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 4-ті бір мезгілде қолдану кезінде туындауы мүмкін олардың қосымша құбылмалылығын жою үшін пайда немесе шығынды міндетті түзетуді қарастырады.

Уақытша босатуды 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын және содан кейінгі кезеңдер үшін қолдануға рұқсат етіледі. Өтемдік тәсілді Компаниялар ҚЕХС (IFRS) 9-ды бірінші рет қолданған кезде таңдауы мүмкін және ол ҚЕХС (IFRS) 9-ға ауысу кезінде белгілі бір санатқа жатқызылған қаржы активтеріне қатысты ретроспективті қолданылуы тиіс. Атаған түзетулер Топқа қандай да бір әсер етпейді деп күтілуде.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік Топ бақылайтын Топлар мен ұйымдардың (және оның еншілес ұйымдарының) қаржылық есеп берушілігін қамтиды. Егер Топтың кәсіпорынның қызметінен пайда алу мақсатында оның қаржылық және операциялық саясатын белгілеуге құқығы бар болса, бақылау жүзеге асырылады.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есеп берушілігі аталған ұйым сатып алған күннен (Топтың аталған ұйымдарды тиімді бақылауды жүзеге асыруды бастаған күннен) бастап сатқан күнге (Топтың аталған ұйымдарды тиімді бақылауды жүзеге асыруы тоқтаған күнге) дейін Топтың қаржылық есеп берушілігіне шоғырландырылады. Еншілес ұйымдардың жалпы жиынтық кірісі Топтың иелеріне тиесілі.

Топтың еншілес ұйымдардың қаржылық есеп берушілігі сол есептік саясатты қолдана отырып, Топның есеп берушілігі құрастырылған кезеңде құрастырылады.

Шоғырландыру кезінде Топтың ішіндегі операциялардың нәтижесі ретінде туындаған қалдықтар, кірістер мен шығыстар шығарып тасталады.

Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістерді тану

Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер сәйкесінше қызмет көрсетулерді ұсыну шамасына қарай танылады. Мүшелікке кіру жарнасы бойынша және листингтік алымдар бойынша кірістер ұйымды Биржаның мүшелікке қабылдау және құнды қағаздарды Топтың ресми тізіміне қосу туралы шешімнің негізінде танылады. Топтың қандай да бір ұйымнан ай сайынғы мүшелік жарналар ретінде алатын кірісі ай сайын ұдайы негізде аталған ұйым Топтың мүшесі болып тұрған кезде танылады. Ай сайынғы листингтік алымдар бойынша кірістер өздері тиесілі он екі айлық мерзімнің ішінде танылады.

Пайыздық кірістер есептеу қағидасы бойынша бейнеленеді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісінің мәні қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің (немесе қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің тобы) амортизацияланған құнын есептеуде, сондай-ақ, пайыздық кірісты немесе пайыздық шығысты сәйкесінше кезеңге жатқызуға.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза ағымдағы құнына келтірілетін күтілетін болашақ төлемдер немесе ақша түсімдерінің көмегімен түсіндірілетін пайыздық мөлшерлеме. Сонымен қатар, қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің болуының болжалды мерзімі кезеңінде немесе, қолдануға жарамды болса, барынша қысқа мерзімге ақша ағындарын дисконттау жүзеге асырылады.

Пайыздық кірістер құнды қағаздарға және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша ақша қалдықтарына салынған инвестициялардан түскен пайыздық кірістерді, депозиттер бойынша есептелген сыйлықақыны қамтиды.

Егер қаржы активінің немесе біртекті қаржы активтерінің тобы құнсызданудың нәтижесінде істен шығарылған (жартылай істен шығарылған) болса, пайыздық кіріс құнсызданудан болған шығындарды есептеу мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылған бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені есепке ала отырып, белгіленеді.

Әділ құнды бағалау

Топ қаржы аспаптарын, мысалы, сатуға арналған қолда бар құнды қағаздарды әр теңгерімді құрастырған күні шамамен олардың әділ құнына тең құн бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша қаржы аспаптарың әділ құны туралы ақпарат *23-ескертуде* ашып көрсетіледі.

Әділ құн деген активті сатудан алынған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіпте жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленген құн болып табылады.

Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле келесідей жүргізіледі деп болжайды:

- немесе негізгі нарықта аталған актив немесе міндеттеме үшін;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, аталған актив немесе міндеттеме үшін барынша ыңғайлы нарықта.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Топтың негізгі немесе барынша ыңғайлы нарыққа қол жетімділігі болуы тиіс. Актив немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің құнын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар қолданатын болжамдарды қолдана отырып бағаланады, сонымен қатар, нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделерімен әрекет етеді деп ұйғарылады.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті мәліметтерге қол жетімді, сонымен қатар, орынды бақыланатын бастапқы мәліметтерді ең көп қолдана отырып және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді ең аз қолдана отырып бағалау әдістемелерін қолданады.

Әділ құны қаржылық есеп берушілікте бағаланатын немесе ашып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтердің негізінде әділ құн көздері сатысының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер мен міндеттемелер бойынша (қандай да бір баға белгілеусіз) актив нарығында нарықтық баға белгілеу;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта тура немесе жанама болып табылатын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта бақыланатын болып табылмайтын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері.

Қаржы аспаптары

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері Топ сәйкесінше қаржы аспабына қатысты келісім-шарт бойынша бір тарап болған кезде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бейнеленеді.

Қаржы активтері және қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржы активтері және қаржы міндеттемелерін сатып алу немесе шығаруға тікелей байланысты мәмілелер бойынша шығындар бастапқы тану кезінде сәйкесінше қаржы активтері және қаржы міндеттемелерінің әділ құнын көбейтеді немесе азайтады.

Қаржы активтері

Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу қаржы активтерін сатып алу мақсаттарына және олардың сипаттамаларына байланысты болады.

Қаржы активтері келесі санаттар бойынша жіктеледі: өтелгенге дейін ұсталатындар; сатуға арналған қолда бар инвестициялар; сондай-ақ, дебиторлық берешек.

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларға Топ өтелгенге дейін ұстап тұруға ниетті және мүмкіндігі бар тіркелетін немесе төлемдермен белгіленетін және тіркелген өтеу мерзімдері бар туынды аспаптар болып табылмайтын листингтік қарыздық құнды қағаздар жатады.

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар әділ құны бойынша бастапқы танылғаннан кейін құнсызданудан сақтық қорларды шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Топ өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды оларды өтеу мерзіміне дейін (шоғырландырылған жағдайлардағыдан басқа) аз ғана сомадан астам сомаға сатқан немесе қайта жіктеген жағдайда, барлық санат сатуға арналған қолда бар инвестициялардың құрамына ауыстырылуы тиіс. Сонымен қатар, Топтарға соңғы екі жылдың ішінде өтелгенге дейін ұсталатын кез-келген қаржы активін жіктеуге тыйым салынады. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды амортизациялау жиынтық кіріс туралы есепте бейнеленеді.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Сатуға арналған қолда бар инвестициялар

Инвестициялар, егер олар белгісіз уақыт кезеңіне ұсталса және нарық жағдайларының өзгеруіне байланысты немесе аталған инвестицияларды жою бойынша талаптарды орындау мақсатында сатылса, сатуға арналған қолда бар ретінде жіктеледі.

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар шамамен әділ құнға тең құн бойынша есепке алынады, ал олардың әділ құнындағы өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында тікелей сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау сақтық қоры ретінде танылады. Мұндай инвестицияларды өткізген соң, оларға жататын қайта бағалау сақтық қорының сомасы Топтың басқа да жиынтық кірісінен шығарылады және пайдалар мен шығындар туралы есепте танылады. Сатуға арналған қолда бар ретінде жіктелетін корпоративті облигациялар бойынша сыйлықақы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептеледі және «Пайыздық кірістер» бабында жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Санаттары актив нарығында баға белгілеулері жоқ сатуға арналған қолда бар Қарыздық құнды қағаздарға салынатын және әділ құны бойынша сенімді бағалана алмайтын инвестициялар әр есептік кезеңнің соңында белгіленген құнсызданудан болған шығынды шегергенде өзіндік құны бойынша бейнеленеді.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша есептеледі. Дебиторлық берешектің қысқа мерзімді сипаты бар болса және болашақ ағындарды дисконттаудың әсері материалдық емес болып табылатын болса, дебиторлық берешек бастапқы құны бойынша танылады. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар осындай активтер істен шыққан немесе құнсызданған кезде, сондай-ақ, амортизациялау процесінде пайда немесе шығындың құрамында бейнеленеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әр есептік кезеңнің соңында қаржы активтерінің құнсыздануы бағаланады. Қаржы активін бастапқы танығаннан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде актив бойынша болжанатын болашақ ақша ағындарының азаюы туралы куәлік беретін дұрыс мәліметтер болған жағдайда, қаржы активтері құнсызданған деп саналады.

Акцияларға салынатын санаттары сатуға арналған қолда бар ұйымдасқан нарықта айналымдағы және айналмайтын инвестициялар бойынша әділ құнның оларды сатып алу құнынан төмен маңызды немесе созылмалы төмендеуі құнсызданудың дұрыс куәлігі болып саналады.

Барлық басқа қаржы активтері бойынша құнсызданудың дұрыс куәлігі келесі болуы мүмкін:

- шығарушы немесе контрагенттің маңызды қаржылық қиындықтары; немесе
- келісім-шартты бұзу, мысалы, пайыздарды немесе қарыздың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- пайыздар немесе қарыздың негізгі сомасы төлемі бойынша төлемеу немесе мерзімін өткізіп алу;
- қарыз алушының банкротқа ұшырауының немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдығы;
- қаржылық қиындықтардың себебінен аталған қаржы активі үшін актив нарығының жоғалуы.

Сондай-ақ, дебиторлық берешек, жеке-жеке құнсызданған деп танылмаған активтер сияқты қаржы активтерінің шоғырландырылған санаттарының жалпы құнсыздануы бағаланады. Топтың берешекті өндіріп алу бойынша бұрынғы тәжірибесі, берешекті өтеу кезіндегі кідірістер санының көбеюі, сондай-ақ, ұлттық, әдетте, төлем бойынша дефолтпен қатар жүретін экономикада көрінген өзгерістер дебиторлық берешек қоржыны құнының төмендеуінің дұрыс белгісі болуы мүмкін.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері үшін құнсызданудан болған шығындың көлемі активтің теңгерімдік құны және қаржы активіне қатысты бастапқыда қолданылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, дисконтталған болжанатын болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Сатып алу құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері үшін құнсызданудан болған шығын активтің теңгерімдік құны және ұқсас қаржы активі үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, дисконтталған болжанатын болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде есептеледі. Мұндай құнсызданудан болған шығындар болашақ кезеңдерде қалпына келтірілуге жатпайды.

Құнсызданудан болған шығын дебиторлық берешекті және құнының төмендеуі сақтық қордың есебінен жүзеге асырылатын өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды қоспағанда, тікелей барлық қаржы активтерінің теңгерімдік құнын азайтады. Сондай-ақ, үмітсіздігін таныған жағдайда, дебиторлық берешек немесе өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар, сақтық қордың есебінен істен шығарылады. Сақтық қордың теңгерімдік құнындағы өзгерістер пайдаларда немесе шығындарда бейнеленеді.

Егер кейінгі кезеңде қаржы активінің құнсызданудан болған шығын көлемі (сатуға арналған қолда бар санаттағы қарыз аспаптарын қоспағанда) азайса және мұндай азаю құнсыздануды танығаннан кейін орын алған оқиғаға дұрыс бекітілуі болса, онда бұрын бейнеленген құнсызданудан болған шығын пайдалар мен шығындардың есебі арқылы қалпына келтіріледі. Сонымен қатар, құнсызданудан болған шығын қалпына келтірілген күнгі қаржы активтерінің теңгерімдік құны, егер құнсыздану танылмаған жағдайда, бейнеленетін теңгерімдік құннан аса алмайды.

Егер сатуға арналған қолда бар инвестициялар құнсызданған болып танылса, онда бұрынғы жиынтық кіріс туралы есепте танылған құнсызданудан болған шығынды шегергендегі ағымдағы құн мен (негізгі қарызды өтеуді және амортизацияны шегергенде) олардың ағымдағы әділ құны арасындағы айырманы құрайтын жалпы сома капиталдан жиынтық кіріс туралы есепке ауыстырылады.

Бұрын пайдалар мен шығындарда бейнеленген сатуға арналған қолда бар санаттағы қарыз аспаптарының құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді. Құнсызданудан болған шығындарды танығаннан кейін мұндай активтердің әділ құнының кез-келген көбеюі басқа да кіріс туралы есепте танылады және сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қорының бабы бойынша бейнеленеді. Егер әділ құнының артуы құнсызданудан болған шығынды танығаннан кейін болған оқиғаға дұрыс бекітілуі мүмкін болса, сатуға арналған қолда бар ретінде жіктелетін қарыздық құнды қағаздардың құнсызданудан болған шығындар кейіннен пайдалар немесе шығындар арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржырқылы қалпына келтіріқтату

Қаржы активі (немесе қолданылатын жеріне қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтерінің Топқа тиесілі бөлігі) мына жағдайда танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының әрекет ету мерзімі аяқталса;
- Топ активке меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды берсе;
- Топ бұдан былай активке бақылауы болмағандықтан, шын мәнінде меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды бермесе және сақтамаса.

Қаржы активін бергеннен кейін Топ өзіне тәуекелдерді және берілген активтерге иелік етуден болған артықшылықтарды сақтайтын дәрежеде қайта бағалауды жүргізеді. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен сақталған болса, актив қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есепке алынуын жалғастырады. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен берілген болса, онда активті тану тоқтатылады. Егер барлық тәуекелдер мен артықшылықтар негізінен не сақталмаған, не берілмеген болса, Топ активке бақылауы сақталған ба, соны бақылауды жүргізеді. Егер Топ бақылауды сақтамаған болса, онда активті тану тоқтатылады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтерін тануды тоқтату (жалғасы)

Егер Топ бақылауды сақтаған болса, онда ол активті оның активке қатысуы жалғасқан шамада есепке алуын жалғастырады.

Қаржы активтерін тануды тоқтатқаннан кейін пайда болатын кез-келген пайдалар мен шығындар Топтың жиынтық кіріс туралы есебінің баптарында операциялық қызметтен түскен басқа да кірістер/шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемелері мәмілені ресімдеу бойынша шығындарды шегергенде әділ құн бойынша есепке алуға қабылданады.

Әрі қарайғы басқа да қаржы міндеттемелері амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, есептеледі.

Қаржы міндеттемелерін тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін олар өтелгенде, күші жойылғанда немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тануын тоқтатады. Қолда бар қаржы міндеттемесі айтарлықтай ерекшеленетін жағдайларда сол кредитордың алдында басқа міндеттемемен алмастырылған кезде немесе қолда бар міндеттеменің келісім-шарттары айтарлықтай өзгертін болса, онда мұндай ауысу немесе өзгеру бастапқы міндеттемені істен шығару және жаңа міндеттемені тану ретінде есепке алынады. Тануы тоқтатылатын қаржы міндеттемесінің теңгерімдік құны және төленген немесе төлеуге тиесілі сыйақының арасындағы айырма пайдалар мен шығындарда танылады.

Ақша және оның баламалары

Ақша және оның баламалары кассадағы ақшаны және Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі банктердегі үш айға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар қолдануы шектелген ақшаларды қоспағанда, ағымдағы шоттар және корреспонденттік шоттар бойынша ақша қалдықтарын қамтиды.

Қолдануы шектелген қаражаттар және қолдануы шектелген ақшалар бойынша Топ мүшелерінің алдындағы міндеттемелер

Қолдануы шектелген қаражаттардың басым бөлігін келесі сауда күні операцияларды жүзеге асыру мақсатында есептік күні Топтың корреспонденттік шоттарында орналастырылған валюталық нарық мүшелерінің ақшалары құрайды. Қосымша, Топтың «Қаржы аспаптарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелері» (бұдан әрі – «Ереже») ішкі құжатына сәйкес, әр клирингтік қатысушы маржаның белгілі бір деңгейін және Топтың корреспонденттік шотындағы кепілдік қамтамасыз етуді қолдауы тиіс. Сонымен қатар, клирингтік қатысушылардың кейбіреулері сауда күнінің соңында Топтың корреспонденттік шотында келесі сауда күні саудаларды жүзеге асыру мақсатында ақша сомаларын қалдырады. Топ қолдануы шектелген ақшалар сияқты қаражаттарды қарастырады және оларды нарыққа қатысушылардың алдындағы міндеттемелер деп таниды.

Банктердегі қаражаттар

Топ өз қызметінің процесінде 3 (үш) айдан астам мерзімге банктерден ағымдағы шоттар мен салымдарды ашады. Банктердегі белгілі бір өтеу мерзімі бар қаражаттар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Банктердегі қаражаттар құнсыздану сақтық қорларын шегергенде, егер мұндай бар болса, есепке алынады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда Негізгі құралдарды сатып алуға тікелей байланысты негізгі шығындар мен орны толтырылмайтын салықтарды қамтитын сатып алынған құны (бастапқы құны) бойынша танылады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдар бастапқы танылғаннан кейін келесідей есепке алынады:

- 1) қайта бағаланған құн бойынша есепке алу үлгісі бойынша – ғимараттар мен құрылыстар, тұрғын үйлер, жер телімдері және автокөлік құралдары;
- 2) нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісі бойынша – Негізгі құралдардың барлық басқа Топтары.

Қайта бағаланған құн бойынша есепке алу үлгісін қолдану кезінде Негізгі құралдар жинақталған амортизация және құнсызданудан болған шығындарды шегергенде қайта бағаланған күні әділ құн бойынша есепке алынады.

Топ аталған бірліктің тиімді қызметінің мерзімін ұзартатын немесе оны қолданудан түсетін болашақ экономикалық пайданы арттыратын жетілдіруге және Негізгі құралдар бірліктерін жөндеуге жұмсалған шығындарды капиталға айналдырады. Осы капиталға айналуының өлшеміне сәйкес келмейтін Негізгі құралдарды жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар Топтың жиынтық кіріс туралы есебінде олар жұмсалған кезеңде бейнеленеді.

Негізгі құралдардың амортизациясы құнды бірқалыпты істен шығару әдісін қолдана отырып, операциялық шығындар ретінде тиімді қызметті бағалау мерзімі ішінде Топтың жиынтық кіріс туралы есебіне қосылады. Егер Негізгі құралдардың қандай да бір бірлігінің компоненттерінің тиімді қызметінің мерзімі әр түрлі болса, Негізгі құралдардың шоғырландырылғанлеген бірліктері ретінде қарастырылады.

Төменде Топтың Негізгі құралдарының тиімді қызметінің бағалау мерзімдері берілген.

	<i>мерзімдер, жылдармен 2017 жылы қолданылатын</i>	<i>мерзімдер, жылдармен 2016 жылдың 1 желтоқсаны- нан кейін қолданылатын</i>
Ғимараттар	40	40
Машиналар мен жабдықтар	3-15	3-15
Көлік құралдары	6,7	6,7
Басқалар	6-10	6-10

Жер және аяқталмаған құрылыс амортизацияланбайды.

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны, тиімді қызметінің мерзімі және амортизациялау әдісі әр есептік күні қайта қарастырылады.

Бейматериалды активтер

Бейматериалды активтер бағдарламалық қамту және лицензияларды қамтиды.

Шоғырландырылған сатып алынған бейматериалды активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктірудің нәтижесінде сатып алынған бейматериалды активтер құны сатып алынған күнгі әділ құн болып табылады. Бастапқы танылғаннан кейін бейматериалды активтер нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісі бойынша есепке алынады. Нақты шығындар бойынша есепке алу үлгісін қолдану кезінде бейматериалды активтер жинақталған амортизация және жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергенде өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Егер Топ материалдық емес активті құратын болса, онда материалдық емес активті әзірлеуге жұмсалатын шығыстар материалдық емес активтің өзіндік құнына қосылады және келісім-шарт талаптарына сәйкес, мақсаты бойынша қолдану үшін материалдық емес актив толық дайын болғанға дейін аяқталмаған құрылыс түрінде есепке алынады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Бейматериалдық активтер (жалғасы)

Іштей құрылған материалдық емес активтің өзіндік құны материалдық емес актив танудың өлшемдеріне алғашқы рет жауап беретін шама болатын күні келтірілген келесі шығындардың сомасын білдіреді және тікелей бөлінуі және ақылға қонымды және кейінгі негізде әзірлеуге, жасауға, өндіруге және активті мақсаты бойынша қолдануға даярлауға жатқызылуы мүмкін барлық шығындарды қамтиды:

- 1) материалдық емес активті құру кезінде қолданылған немесе тұтынылған материалдар мен қызмет көрсетулерге жұмсалған шығындарды;
- 2) активті құрумен тікелей айналысатын қызметкерлерге байланысты еңбек ақы және басқа шығындарды (Топ мұндай жұмыстар барлық жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, атқарылған жұмыс туралы есептердің негізінде бағдарламалық өнімдерді өңдеумен тікелей айналысатын қызметкерлердің сыйақысын капиталға айналдыруды жүзеге асырады);
- 3) құрылатын активке тікелей қатысты активті құру үшін қолданылған заңды құқықты, патенттерді және лицензияларды тіркеуге жұмсалған баж сияқты кез-келген шығындарды қамтиды.

Бейматериалды активтердің шектеулі және белгісіз тиімді пайдалану мерзімі болуы мүмкін.

Белгісіз тиімді пайдалану мерзімі бар бейматериалды активтер амортизацияланады, бірақ, жыл сайын құнсыздануы тексеріледі.

Төменде бейматериалды активтердің тиімді пайдалану мерзімдерін бағалау мерзімдері берілген:

	<i>мерзімдер, жылдармен</i>	<i>мерзімдер, жылдармен</i>
	<i>2017 жылы қолданыла- тын</i>	<i>2016 жылдың 1 желтоқсаны- нан кейін қолданыла- тын</i>
Іштей әзірленетін бағдарламалық қамту	3-9	3-9
Басқа да бағдарламалық қамтулар және лицензиялар	5	5
Басқа да MEA	5	5

Сақтық қорлар

Сақтық қорлар Топтың бұрынғы оқиғалардың нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (заңды немесе жобаланатын) бар болғанда және Топ аталған міндеттемелерді өтеуі тиіс болуының жоғары ықтималдығы бар болғанда және мұндай міндеттемелердің көлемі жеткілікті дәрежеде нақты бағалануы мүмкін болғанда, есепке алуда бейнеленеді.

Есепке алуда бейнеленетін алдағы шығындардың сақтық қорының көлемі аталған міндеттемелер үшін тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есепке ала отырып, есептік күні белгіленген міндеттемелерді өтеу үшін қажетті сомаларды ең жақсы бағалауды білдіреді. Егер сақтық қордың көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжанатын ақша ағындарының негізінде есептелетін болса және уақыттағы ақша құнының өзгеруінің әсері маңызды болып табылса, онда сақтық қор осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде белгіленеді.

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдер үшінші тараптан жартылай немесе толық орны толтырылатын болса, сәйкесінше дебиторлық берешек орнын толтыру алынатындығына толық сенімділік және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндік болған жағдайда, актив ретінде бейнеленеді.

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Шетелдік валюталар**

Топтың әр жеке топтың қаржылық есеп берушілігін дайындау кезінде атқарымдық валютадан (бұдан әрі – «шетелдік валюталар») ерекшеленетін Топ валютамен жүзеге асыратын операциялар операция болған күні айырбас бағамы⁴ бойынша есепке алынады. Шетел валюталарымен көрсетілген ақша баптары әр есептік кезеңнің соңында сәйкесінше валюталық бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құнымен есепке алынатын шетел валюталарымен көрсетілген ақша емес баптар әділ құн белгіленген күні әрекет еткен айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетел валюталарымен көрсетілген тарихи құны бойынша бейнеленген ақша баптары қайта есептелмейді.

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті құрастыру кезінде қолданған жыл соңындағы айырбас бағамдары берілген:

	2017 жылғы 31	2016 жылғы 31
	желтоқсан	желтоқсан
KZT/1 USD	332,33	333,29
KZT/1 EUR	398,23	352,42
KZT/1 RUR	5,77	5,43
KZT/1 GBP	448,61	409,78

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер өздері жарияланған кезеңде меншікті қаражаттарының азаюу ретінде бейнеленеді. Есептік күннен кейін жарияланған дивидендтер ҚЕХС (IAS) 10-ға «Есептік күннен кейінгі оқиғалар» сәйкес, есептік күннен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісті түрде ашып көрсетіледі.

Капиталдың құрамындағы сақтық қорлар мен қорлар

Топтың қаржылық жағдай туралы есебінде бейнеленген капиталдың құрамындағы сақтық қорлар мен қорлар келесіні қамтиды:

- сатуға арналған қолда барлар санатына жатқызылған инвестициялардың әділ құнының өзгеруі жататын сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау сақтық қоры;
- негізгі құралдарды қайта бағалау сақтық қорлары;
- туынды аспаптар нарығына қатысушылардың ықтимал дефолтын жабу үшін қалыптасатын басқа да қорлар.

2010 жылы Топтың кеңесі туынды аспаптар бойынша нарыққа қатысушылардың төлем қабілетсіздігі тәуекелін жабу үшін 170.000 мың теңге сомасында сақтық қор қорын құру туралы шешім қабылдады. Сақтық қор қоры фьючерстік валюталық келісім-шарттармен сауда жасауға арналған 70.000 мың теңге және Топтың индекстік фьючерстік келісім-шарттармен сауда жасауға арналған 100.000 мың теңге сақтық қор қорынан тұрады. 2015 жылы 55.000 мың теңге сомасында «қор» Топтық нарық секторы бойынша клирингтік сақтық қор қорын құру туралы шешім қабылданды. 2017 жылғы 14 желтоқсанда «қор» Топтық нарық секторы бойынша клирингтік сақтық қор қорын 70.000 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды.

Сақтық қор қоры капитал қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте басқа да қорлардың құрамына кіреді.

⁴ Функционалды валютамен қайта есептеу, ҚРҰБ бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік аясындағы қызметті реттейтін, уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгіленген, валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолданумен іске асырылады.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Қауымдастырылған Топтарға салынатын инвестициялар

Қаржылық және операциялық қызметіне маңызды әсер ететін әрі еншілес ұйым болып та, бірлескен ұйым болып та табылмайтын Топ қауымдастырылған Топ болып табылады. Маңызды әсер ұйымның қаржылық және шаруашылық қызметіне қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу құқығын білдіреді, бірақ, осындай қызметке қатысты бақылауды немесе бірлескен бақылауды білдірмейді.

Қауымдастырылған топ қызметінің нәтижелері, сондай-ақ, активтері мен міндеттемелері үлестік қатысу әдісімен аталған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке қосылған. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес, қауымдастырылған топқа салынатын инвестициялар бастапқыда қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатып алынған құны бойынша танылады және кейіннен Топтың үлесін есепке ала отырып, қауымдастырылған топтың пайдасы немесе шығынында және басқа да жиынтық кірісінде түзетіледі.

Топ инвестициялары бойынша құнсызданудан болған шығынды тану қажеттігін белгілеу үшін қауымдастырылған Топқа ҚЕХС 36 "Активтердің құнсыздануы" талаптары қолданылады. Қажет болған жағдайда, инвестицияның (соның ішінде гудвилдің) теңгерімдік құны ҚЕХС (IAS) 36-ға сәйкес, оның орны толтырылатын құнын (сатуға жұмсалатын шығындарды шегергенде пайдалану құны және әділ құнынан ең жоғарғы мәнді) оның теңгерімдік құнымен салыстыру арқылы құнсыздануға тестілеуден өтеді. Танылған құнсызданудан болған шығын инвестицияның теңгерімдік құнының құрамына кіреді. Мұндай құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру ҚЕХС (IAS) 36-ға сәйкес, инвестицияның орны толтырылатын құны кейіннен ұлғайған кезде танылады.

Егер Топқа қатысушы ұйым қауымдастырылған топпен операциялар жүргізсе, қауымдастырылған топпен жасалған мәмілелер бойынша туындайтын пайдалар мен шығындар Топтың шоғырландырылған есеп берушілігінде Топқа жатпайтын қауымдастырылған топқа қатысу үлесінің шеңберінде ғана танылады.

Салық салу

Корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады және кейінге қалдырылған салық тура басқа да жиынтық кіріс немесе капиталда есепке алынатын операцияларға жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, Топтың пайдалар мен шығындар туралы есебінде бейнеленеді.

Корпоративті кіріс салығы бойынша ағымдағы шығындар сомасы кезең үшін төлемге есептелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өткен жылдардың салықтық берешегі бойынша барлық түзетулерді есепке ала отырып, есептік күні әрекет ететін салық салу мөлшерлемелерінің негізінде есептелген салықтың болжалды көлемі болып табылады.

Кейінге қалдырылған корпоративті кіріс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер міндеттемелердің теңгерімдік әдісін қолдана отырып, барлық уақытша айрмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар Топтың бірлесуі болып табылмайтын және жасалған күні бухгалтерлік кіріс және салық салынатын кіріс және шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде кейінге қалдырылған корпоративті кіріс салығының туындауын қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың қаржылық есеп берушіліктегі теңгерімдік құны арасындағы барлық уақытша айрмалар бойынша белгіленеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив шегерілетін уақытша айрмалар қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда алудың маңызды ықтималдығы қандай дәрежеде бар болса, сондай дәрежеде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әр есептік күні қайта қарастырылады және активтердің барлығын немесе бір бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу күмәнді болып бағаланатын дәрежеде төмендетіледі.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер есептік күні күшіне енген немесе нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, активті өткізу немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізеді және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қорытынды айырманы бейнелейді, егер:

- Топтың ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізуге заңды тіркелген құқығы бар; және
- кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері бір ғана салық субъектісінен бір ғана салық органы өндіріп алатын кіріс салығына жатады.

Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері

Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде Жетекшілік басқа көздерден айқын болып табылмайтын активтер және міндеттемелердің теңгерімдік құнына қатысты болжалдар, бағалаулар және жорамалдар жасайды. Бағалау мәндері және олардың негізінде жатқан болжамдар нақты жағдайларда орынды болып саналатын бұрынғы тәжірибеге және басқа да факторларға сүйене отырып қалыптасады. Нақты нәтижелер бұл бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар және базалық пайымдар ұдайы қайта қарастырылады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер егер өзгеріс сол кезеңге ғана немесе өзгеру кезеңінде және болашақ кезеңдерде әсер ететін болса, егер өзгеріс ағымдағы кезеңге де, болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, бағалау қайта қарастырылатын кезеңде танылады.

Бағалаулардағы белгісіздіктердің негізгі көздері

Төменде болашаққа қатысты келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын маңызды түзетулерге әкелуі мүмкін ықтималдықтың үлкен үлесімен негізгі болжамдар және есептік кезеңнің соңындағы бағалаулардағы басқа да бағалаулардағы белгісіздіктердің негізгі көздері берілген.

Дебиторлық берешектің құнсыздануы

Дебиторлық берешек қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте басқа да активтердің құрамына қосылады.

Топ ұдайы дебиторлық берешектің құнсыздануын бағалауды ұдайы жүргізеді. Топтың сақтық қорлары дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарды тану үшін құрылады. Топ (i) ағымдағы күні қолда бар болашақтағы ысырап нормалары туралы болжамдар және құнсызданған дебиторлық берешек бойынша әлеуетті шығындарды бағалау нақты көрсеткіштерге негізделгендіктен, олар кезеңнен кезеңге өзгеруге өте бейімделуіне байланысты белгісіздіктің негізгі көзімен дебиторлық берешектің құнсыздануының сақтық қорларына байланысты есептік бағалауларды есептейді; және (ii) шығынды бағалау мәні және Топқа нақты келтірілген шығындар арасында маңызды айырма болған кезде Топтың кейінгі кезеңдердегі қаржылық есеп берушілігіне маңызды әсер етуі мүмкін сақтық қорларды қалыптастыру қажет болады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының сақтық қорлары қаржылық есеп берушілікте қолда бар экономикалық және саяси жағдайлардың негізінде белгіленеді. Қазақстан Республикасында қандай өзгерістердің болатынын және бұл өзгерістердің болашақ кезеңдерде қаржы активтерінің құнсыздануының сақтық қорларының лайықтығына қандай әсерінің болатынын алдын ала болжайтын жағдайда емес.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері (жалғасы)

Дебиторлық берешектің құнсыздануы (жалғасы)

Борышқор қарыз сомасын тиісті келісім-шартта көрсетілген мерзімде өтемеген жағдайда, берешектің мерзімі өтіп кеткен болып саналады және жіктелуі тиіс болады.

Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті жіктеу келесі санаттарға сәйкес, мерзімін өткізіп алған күндердің санына байланысты жүзеге асырылады:

- 1) 1-санат – 30-шы күнді қоса алғанда мерзімін өткізіп алу;
- 2) 2-санат – 30 күннен астам және 180-ші күнді қоса алғанда мерзімін өткізіп алу;
- 3) 3-санат – 180-ші күнді қоса алғанда мерзімін өткізіп алу.

Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешекті жіктеуге байланысты келесі көлемдерде ағымдағы кезең шығындары есебінен сақтық қорлар (провизиялар) құрылады:

- 1) 1 -санат – Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек сомасынан 0%;
- 2) 2 -санат – Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек сомасынан 50%;
- 3) 3 -санат – Мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешек сомасынан 100%.

Егер Топта 180 күн аяқталғанға дейін Топтың тиісті растаушы құжаттамамен (заңды күшіне енген сот шешімі, борышқорды – заңды тұлғаны және басқаларды жоюдың аяқталуы) дебиторлық берешекті алуға құқығы болмағандығын растайтын жағдайлар туындайтын болса, онда аталған дебиторлық берешек аталған жағдайлар туындаған күні 3-санат бойынша жіктелуі тиіс болады.

Топ 3-санат бойынша жіктелген қарыз бойынша ғана бухгалтерлік есепте және борышқордың қарыз сомасын өтеуге алып келген мерзімі өткен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша барлық шараларды қолданғаннан кейін активті тануын тоқтатады.

2017 жылғы 31 желтоқсанның және 2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің жалпы құны сәйкесінше 93.218 мың теңгені және 60.704 мың теңгені құрады, ал құнсызданудың сақтық қор сомасы сәйкесінше 6.598 мың теңгені және 14.542 мың теңгені құрады (19-ескерту).

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамасы әр түрлі түсіндірулерді жасап алады және жиі өзгертулерге ұшырап отырады. Жетекшіліктің Топтың мәмілелері мен қызметіне қатысты қолданылатын осындай заңнамаға қатысты түсіндіруімен тиісті аймақтық және мемлекеттік органдар келіспеуі мүмкін.

Салық кезеңдері салық органдарының тексеруі үшін салық тексеруі жүргізілетін жылдардан бұрынғы он бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады.

Жетекшілік 2017 жылғы 31 желтоқсанда және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде оның қолданылатын заңнаманы түсіндіруі сәйкесінше болып табылады және Топтың салық, валюта және кеден бойынша жайғасымы расталуының ықтималдығы бар деп санайды.

Тиісті органдар тексергеннен кейін Топтың таза кірісында бейнеленуі мүмкін қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімақылар есептелуі мүмкін.

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)****Маңызды бухгалтерлік болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері (жалғасы)***Сот даулары*

ҚЕХС-ке сәйкес, Топ дұрыс бағалануы мүмкін өткен оқиғалардың салдарынан пайда болған ағымдағы міндеттемелер болған кезде ғана провизияларды қалыптастырудың қажеттігін таниды. Көрсетілген өлшемдерге сәйкес келмейтін келісім-шартты міндеттеме қаржылық есеп берушілікке ескертулерде ашып көрсетілуі мүмкін. Сот дауларына қатысты аталған қағиданы қолдану Топтан ол бақылайтын салалардан тыс жерлердегі әр түрлі оперативтік және заңдық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды талап етеді. Сот даулары болған жағдайда, сондай-ақ, әр есептік күні провизияларды қалыптастырудың қажеттігін бағалау үшін Топ аяқталмаған сот дауларын қайта қарау саясатын ұстанатын болады. Топ провизияларды қалыптастырудың қажеттігі туралы шешім қабылдаған кезде есепке алынатын келесі факторлар бар: талап-арыздың, талапты немесе айыппұлдың мәні; сот дауларының өзі үшін қолайсыз аяқталуының нәтижесінде Топқа келтірілуі мүмкін әлеуетті шығын сомасы; сот дауларының барысы (соның ішінде, қаржылық есеп берушілікті құрастырған күннен кейін, бірақ ол жарияланғанға дейін); заңгерлік кеңес берушілердің пікірі; бұрынғы осындай даулардың тәжірибесі; Топ жетекшілігінің талап-арызға, талапқа немесе айыппұлға қалай әрекет ету керектігіне қатысты кез-келген шешімі. Осы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік шыққан күнгі жағдай бойынша Топ сот дауларына тартылған жоқ.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР

	2017 жыл	2016 жыл
Қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер		
Листингтік алымдар	654.159	570.310
Топқа мүшелікке кіргені үшін алымдар	360.034	379.871
Топтағы операциялар үшін комиссиялық сыйақылар	687.838	331.770
Ақпараттық қызмет көрсетулерден түскен кірістер	212.687	199.578
Қашықтықтан қол жеткізу қызметтерінен түскен кірістер	22.793	24.657
Клирингтік алымдар	1.949	791
Барлығы қызмет көрсетулер және комиссиялар бойынша кірістер	1.939.460	1.506.977

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

5. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

	<i>2017 жыл</i>	<i>2016 жыл</i>
Пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:		
Құнсыздануға ұшырамаған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	552.119	647.853
Құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	2.041	2.041
Барлығы пайыздық кірістер	554.160	649.894
Амортизацияланған құн бойынша бейнеленген қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:		
Банктердегі қаражаттар бойынша пайыздық кірістер	166.117	471.438
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	372.516	136.779
Құнды қағаздармен кері «репо» операциялары бойынша сыйақыны алуға байланысты пайыздық кірістер	3.623	39.000
Ақша және оның баламалары бойынша пайыздық кірістер	11.904	2.677
Әділ құн бойынша бейнеленген қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:		
Сатуға арналған қолда бар инвестициялар бойынша пайыздық кірістер	-	-
Барлығы қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер	554.160	649.894

6. ПАЙЫЗДАР ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ САҚТЫҚ ҚОРЫ

Пайыздық кірістер есептелетін активтердің құнсыздануы бойынша сақтық қорлардың өзгеруі туралы және басқа да сақтық қорлар бойынша ақпарат келесідей ұсынылған:

	<i>Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар</i>	<i>Басқа да активтер</i>	<i>Барлығы</i>
2015 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	39.858	6.629	46.487
Сақтық қорлардың қалыптасуы	-	8.472	8.472
Есептен шығару	-	(559)	(559)
2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	39.858	14.542	54.400
Сақтық қорлардың қалыптасуы	-	(656)	(656)
Есептен шығару	(35.966)	(7.288)	(43.254)
2017 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша	3.892	6.598	10.490

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА (шығын)**

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда 2.927 мың теңгені құрады, негізінен 13-ескертуде ұсынылған «Цеснабанк» АҚ валюталық депозиті бойынша қалыптасты. 2016 жылы: шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза шығын 4.306 мың теңге көлемінде.

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

	2017 жыл	2016 жыл
Қызметкерге жұмсалатын шығындар	980.570	836.755
Тозық және амортизация	134.795	75.217
Әлеуметтік салық	98.081	81.950
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын	54.410	4.796
Негізгі құралдар және МЕА –ға техникалық қызмет көрсету	47.842	38.009
Банктің қызмет көрсетулері	46.698	13.837
Корпоративті кіріс салығынан басқа салықтар	43.122	34.581
Коммуникациялар және SWIFT қызмет көрсетуі	30.339	29.792
Бизнесі дамытуға жұмсалатын шығындар	26.237	20.966
Іссапар шығындары	23.458	31.758
Ұстау және операциялық жалға алу бойынша шығындар	17.741	19.879
Кәсіби қызмет көрсетулер	14.101	22.273
Ақпараттық қызмет көрсетулер	13.651	9.422
Мүшелік жарналар	12.554	12.953
Қызметкерді оқыту	8.066	5.161
Пошталық және шабармандық қызмет көрсетулерге жұмсалатын шығындар	2.443	1.567
Сақтандыру шығындары	1.519	1.409
Басқа да шығындар	60.345	46.489
Барлығы операциялық шығындар	1.615.972	1.286.814

Топтың шығындары есептік кезеңде 2016 жылмен салыстырғанда 329.158 мың теңгеге (+25,58%) өсті. Төменде Топтың шығындарының негізгі баптары бойынша маңызды ауытқуларға қатысты ақпарат ұсынылған.

Қызметкерге жұмсалатын шығындардың 2017 жылы 143.815 мың теңгеге (+17,2%) өсуі және сәйкесінше әлеуметтік салық бойынша шығындардың 2016 жылмен салыстырғанда 16.131 мың теңгеге (+19,7%) өсуі көбінесе бос орындардың толтырылуымен және Топтың штат санының, сондай-ақ, Қызметкерлерге әлеуметтік төлемдер бойынша шығындардың (жүктілік және босану бойынша демалысты төлеу бойынша материалдық көмек) артуымен түсіндіріледі.

Персоналға шыққан шығындарда Топтың бейматериалды активтеріне айналдырылатын, бағдарламалық өнімдерді аяғына дейін жасаумен тікелей айналысатын, қызметкерлердің сыйақылары ескерілмеген. Жоғарыда айтылмыш сыйақылар туралы ақпарат осы есеп берушіліктің 18 ескертпесінде ашылған.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР (жалғасы)

2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап, тозық және амортизацияның жаңа нормаларының қолданылуы аталған шығындардың 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 59.578 мың теңгеге (+79,2%) артуына әсер етті.

Есептік жылы негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша шығын Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280-үйде орналасқан әкімшілік ғимаратты қайта бағалаудың есебінен 2016 жылмен салыстырғанда 49.614 мың теңгеге (+1.034,5%) артық.

Банктік қызмет көрсетулер бойынша шығындардың 2017 жылы өткен есептік жылмен салыстырғанда 32.861 мың теңгеге (+237.5%) өсуі "Орталық құнды қағаздар депозитарий" АҚ-ның мәмілелерді тіркегені үшін тарифтерінің өсуіне байланысты.

Негізгі қаражатқа және МЕА –ға техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындардың 2016 жылмен салыстырғанда есептік кезеңде 9.833 мың теңгеге (+25,9%) артуы Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280-үйде орналасқан әкімшілік ғимараттарды ағымдағы жөндеуге байланысты.

Басқа да шығындар 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда негізінен 7.432 мың теңге сомаға ДӨО мамандандырылған кешенінің аяқталмағын құрылысын есептен шығару бойынша шығындар есебінен және міндетті медициналық сақтандыру бойынша АҚС келісім-шарттар бойынша шығындар есебінен 13.856 (+29,8%) мың теңгеге артты.

9. КОРПОРАТИВТІ КІРІС САЛЫҒЫ

Корпоративті кіріс салығы бойынша шығын келесі баптардан тұрады:

	<u>2017 жыл</u>	<u>2016 жыл</u>
Ағымдағы корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар	121.442	139.762
Кейінге қалдырылған корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар	(8.609)	6.439
Корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар	112.833	146.201

Топ ағымдағы кезеңге ҚЕХС-тен ерекшеленуі мүмкін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, салық базасының негізінде корпоративті кіріс салығы бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырады.

Шығындардың кейбір түрлері салық салу мақсаты үшін есепке алынбайтын болғандықтан, сондай-ақ, Топтың салық салынбайтын кірісі болуының салдарынан белгілі бір тұрақты салық айырмалары туындайды.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп берушілік мақсатындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны және салық салу мақсатында белгіленетін сома арасындағы уақытша айырмалардан болған таза салық нәтижесін бейнелейді. 2017 жылғы 31 желтоқсанның және 2016 жылғы 31 желтоқсанның соңында қолда бар уақытша айырмалар негізінен кірістер мен шығыстарды есепке алудың әр түрлі әдістеріне/мерзімдеріне байланысты, сондай-ақ, кейбір активтердің есептік және салықтық құнына қолданылатын әр түрлі тәсілдерге байланысты пайда болатын уақытша айырмаларға байланысты.

(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)

9. КОРПОРАТИВТІ КІРІС САЛЫҒЫ (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсанның және 2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі келесідей ұсынылған:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	Басқа да жиынтық кірістер құрамында	Пайдалар және шығындар туралы есепте	2016 жылғы 31 желтоқсан
Шегерілетін уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі				
Қолданылмаған демалыстар бойынша сақтық қорлар	6.200	–	(1.001)	7.201
Негізгі құралдар	91	–	(33)	124
Активтердің құнсыздануы бойынша сақтық қорлар	3.473	–	(493)	3.966
Күмәнді талаптар бойынша сақтық қорлар	740	–	(46)	786
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша активтер	10.504	–	(1.573)	12.077
Салық салынатын уақытша айырмалардан болған салық нәтижесі				
Негізгі құралдар	(33.417)	4.019	10.182	(47.618)
Кейінге қалдырылған кіріс міндеттемелері	(33.417)	4.019	10.182	(47.618)
Барлығы кейінге қалдырылған кіріс міндеттемелері	(22.913)	4.019	8.609	(35.541)

Кейінге қалдырылған таза кіріс міндеттемелерінің қозғалысы

	2017 жылғы 31 желтоқсан	Басқа да жиынтық кірістер құрамында	Пайдалар және шығындар туралы есепте	2016 жылғы 31 желтоқсан
Жылдың басындағы таза кейінге қалдырылған кіріс міндеттемелері	35.541	–	11.383	24.158
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша кейінге қалдырылған салық	(4.019)	(4.019)	(4.944)	4.944
Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша шығын	(8.609)	–	(15.048)	6.439
Жылдың соңындағы таза кейінге қалдырылған кіріс міндеттемелері	22.913	(4.019)	(8.609)	35.541

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***9. КОРПОРАТИВТІ КІРІС САЛЫҒЫ (жалғасы)****Кейінге қалдырылған таза кіріс міндеттемелерінің қозғалысы (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық активі «eTrade.kz» ЖШС еншілес топқа қатысты танылған.

Төмендегі салыстырып тексерулерде қолданылатын, салық мөлшерлемесі, Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес салық салынатын кіріс бойынша 20 % мөлшеріндегі корпоративтік салықтық мөлшерлеме болып табылады.

Аталған қаржылық есеп берушілікте бейнеленген корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар және 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы нормативтік салық мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративті кіріс салығы бойынша шығындарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстыру келесідей:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда
Салық салынғанға дейінгі пайда	905.642	867.976
Корпоративті кіріс салығының нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Белгіленген мөлшерлеме бойынша салық	181.128	173.595
Салық салынбайтын пайыздық кіріс және басқа да мемлекеттік құнды қағаздар бойынша және басқа да құнды қағаздар бойынша кіріс	(74.503)	(27.356)
Салық салынатын базаны азайтпайтын шығындар		
Жалпы және әкімшілік шығындар	2.672	5.814
Мүшелік жарналар	2.379	2.468
Басқа да активтердің құнсыздануы бойынша сақтық қорлар	158	1.003
Сатуға арналған қолда бар құнды қағаздарды сатудан түскен кіріс	-	-
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	(159)	(122)
Басқалар	1.158	(9.201)
Барлығы корпоративті кіріс салығы бойынша тұрақты айырмалар	(68.295)	(27.394)
Корпоративті кіріс салығы бойынша шығындар	112.833	146.201

*(мыңдаған теңгемен, егер өзгеше көрсетілмесе)***10. АКЦИЯҒА ТҮСЕТІН ПАЙДА**

Акцияға түсетін базалық және көбейтілген пайданы есептеу үшін қолданылған пайданың және жай акциялардың орташа сарапталған санының көрсеткіші төменде көрсетілген:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Компания акционерлеріне тиесілі жылдағы таза пайда	792.809	721.775
Акцияға түсетін базалық пайданы есептеу үшін арналған жай акциялардың орташа сарапталған саны	942.013	942.013
Акцияға түсетін базалық және көбейтілген пайда (теңге)	841,61	766,20

11. АҚША ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Кассадағы қолма-қол ақша	381	417
Басқа банктердегі корреспонденттік және ағымдағы шоттар	102.378	109.742
Барлығы ақша және оның баламалары	102.759	110.159

12. ҚОЛДАНЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН АҚША

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
ҚР Ұлттық банкі	1.859.408	426.636
Барлығы қолданылуы шектелген ақша	1.859.408	426.636

2017 жылғы 31 желтоқсанның және 2016 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша қолданылуы шектелген ақша шетел валютасымен жасалатын операцияларды жүзеге асыру мақсатында орналастырылған Топ мүшелерінің қаражаттарымен ұсынылған. Қаражаттарды келесі Топ мүшелері орналастырған:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстанның екінші деңгейлі банктері	1.820.960	392.851
